Эссе „Тәуелсіздіктің 30 жылдығы: жастар, ғылым, руханият"

Тәуелсіздік- әр елдің еркіндігін, бостандығын ешкімге бағынбайтындығын көрсететін толқұжат. Тәуелсіздік- біздің ата-бабаларымыздың асыл арманы. Бұл асыл арманды алудан гөрі, ұстап қалу қиын екені бәрімізге мәлім.

1991 жылдың 16 желтоқсанында Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіздігін алып, әлемнің картасына шекарасын нықтаған, ресми түрде тәуелсіз, еркін, өз тарихын жасауға дайын жаңа мемлекеттердің бірі болды. Сол жылы біздің тұңғыш президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев сайланды. Менің ойымша әр мықты мемлекеттің артында мықты қолбасшы тұр. Жаңа ғана тәуелсіздігін алған, әлі бекімеген елді тек мықты қолбасшы ғана жаңа белестерге, ашулар мен жетістіктерге жеткізе алады.

Міне, көзді ашып жұмғанша осы 30 жыл да өтіп кетті. Сол кезде бекімеген Қазақстан бүгінгі күні технологиясын иновациясы дамыған, кең байтақ жері, өз тарихын жасаған әлем мемлекеттерінің біріне айналып отыр. Әрине, бұның бәрін істеу оңай іс емес, әр бір жаңа белесті бағындыру үшін, қанша еңбек пен тер төгілген. Мысалы: технологиясы дамыған, ғылымы мол мемлекет болу үшін, ақылды ұрпақ тәрбиелеу керектігі мәлім. Ендеше біздің мемлекетіміз бұл сынақтан өткені айдан-анық. Алысқа бармай-ақ жеріміздің қандай толып жатқан ~~бай~~ кендерге бай екенін білеміз. Осы пайдалы қазбаларды зерттейтін мықты ғалымдарымыздың бары, күннен-күнге зейін дамып жатқанымыз, еліміздегі бүкіләлемдік-ағылшын тілін керемет білетін адамдардың көптігі, шетел тілін меңгеріп жатқан адам-



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

ардың көптігі, біздің жаңа биіктерге шығып жатқанымыз.

Кез-келген елдің жастары - сол елдің болашағы. Өзіне сенімді, қадамын нық басатын, ақылды, рухтары мықты, ержүрек ұрпақты тәрбиелеген ел - ешқашан жойылмайтын мәңгілік ел болып қалады. Біздің осы 30 жыл бойы мықты мемлекет болып жүргеніміз - жастарымызды дұрыс тәрбиелеп жатқанымыз. Оларды тек ақылға, білімге шақырғанымыз, қазіргі уақытта біздің елімізді биік белестерден көрсетіп жатыр.

Ендеше, тәуелсіздігімізді жоғалтып алмай, еліміздің рухын асқақтата берейік! Себебі, біз - Қазақстанның болашағымыз!

2-тапсырма.

Қалыптасқаннан - етістік
Бастапқы түрі - қалыптасқан (не істеген?)
қалыптас - түбірі.
қан - есімше
нан - шығыс септігінің жалғауы.

Болашағынан - зат есім.
Бастапқы түрі - болашақ (не?)
ы - тәуелдік жалғаудың III жағы
нан - тәуелденген шығыс септігінің жалғауы.

Беретін - етістік
Бастапқы түрі - бер (не істе?)
етін, атын, йтын жұрнақтар.

Алғашқы - сан есім.
Б.т. - алғаш (қандай?)

Отыратын-еді - етістік
Бастапқы түрі - Отыр (не істе?)
~~ын~~ еді - қосарлы сөз.

Одан - ~~ет~~ үстеу.

Ойлантатын - етістік
Бастапқы түрі - Ой ~~лан~~ ~~(не істе?)~~ (зат есім)
та - жатыс септігінің жалғауы.
тын - табыс септігі.

Иеленіп - 8 етістік.
Бастапқы түрі - ие (зат есім)
ел мен - туындатқан, сөз тудырушы жұрнақ,
іп - көсемше

Іргетасын - зат есім.
~~Бастап~~ Біріккен сөз. іргетас
ын - табыс септігі.

Құттыжер



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ